

«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ Директорлар
кеңесінің 2007 жылғы 25 желтоқсандағы
шешімімен бекітілген (№ 87 хаттама)

**«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ
2008-2010 жылдарға арналған
даму бағдарламасы**

**Астана қаласы
2007 жыл**

1. Миссиясы және қызметінің негізгі мақсаттары

Банктің миссиясы – екінші деңгейдегі банктер қамтамасыз етпеген ел экономикасының бәсекеге қабілетті шикізатқа жатпайтын секторын жеделдетіп дамытудың кредит ресурстарына инвестициялық қажеттіліктерін коммерциялық негізде қанағаттандыру жолымен Қазақстан Республикасының (бұдан әрі - ҚР) тұрақты ұзақ мерзімді экономикалық өсіміне қол жеткізуге жәрдемдесу.

Банк қызметінің мақсаттары мемлекеттік инвестициялық қызметтің тиімділігін арттыру, өндірістік, көлік және энергетикалық инфрақұрылымды, және өңдеуші өнеркәсіпті дамыту, ел экономикасына сыртқы және ішкі инвестицияларды тартуға жәрдемдесу болып табылады.

Банктің негізгі міндеттері ұзақ мерзімді және орта мерзімді төмен пайызды, оның ішінде экспорттық кредиттерді беру жолымен, сондай-ақ басқа кредит ресурстары беретін қарыздар мен кредиттер бойынша кепілдікті міндеттемелерді міндеттемелерді беру жолымен жеке сектор мен мемлекеттің бастамаларын қаржылық қолдау болып табылады. Банк сондай-ақ мемлекет кепілдік берген қарыздардың есебінен қайтарымды негізде қаржыландырылатын республикалық және жергілікті инвестициялық жобаларға қызмет көрсету жөніндегі агенттің функцияларын орындайды.

2. Даму Банкі туралы мәліметтер

2. Құрудың қысқаша тарихы. Құқықтық база

«Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстанның Даму туралы» 2000 жылғы 28 желтоқсандағы № 531 Жарлығының негізінде «Қазақстанның Даму Банкі туралы» 2001 жылғы 25 сәуірдегі Заңына сәйкес Банктің жарғылық капиталында мемлекеттің жүз пайыз қатысуымен акционерлік қоғам нысанында құрылды.

Банк өз қызметін Қазақстан Республикасының «Қазақстанның Даму Банкі туралы», «Акционерлік қоғамдар туралы», «Банктер мен банк қызметі туралы» заңдарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 17 ақпандағы № 147 қаулысымен бекітілген «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамының таяу шетел рыноктарына шығу тұжырымдамасына және Банктің жарғысына сәйкес жүзеге асырады. Банктің бір еншілес ұйымы – Банктің Директорлар кеңесінің 2005 жылғы 5 тамыздағы шешімінің негізінде құрылған «ҚДБ Лизинг» акционерлік қоғамы бар.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық саясаты шеңберінде ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы» 2006 жылғы 16 наурыздағы № 65 Жарлығына сәйкес (бұдан әрі - Жарлық) «Қазына» орнықты даму қоры» АҚ (бұдан әрі – «Қазына» қоры) құрылды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 сәуірдегі № 286 қаулысына сәйкес Банк акцияларының мемлекеттік пакеті «Қазына» қорының жарғылық капиталына төлеуге берілді.

2.2. Банк қызметінің негізгі түрлері

Банк мыналарды орындайды:

- инвестициялық жобаларға орта мерзімді және ұзақ мерзімді кредит беру;
- Қазақстан Республикасының аумағында шығарылатын өнімнің экспортын ынталандыру мақсатында экспорттық операцияларға кредит беру;
- Қазақстан Республикасы экономикасының өндірістік секторына олардың қарыздары мен кредиттері бойынша кепілдік берілген міндеттемелерді беру жолымен кредит беруді ынталандыру;
- қайтарымды негізде қаржыландырылатын республикалық және жергілікті инвестициялық жобаларға, сондай-ақ оларды қаржыландыру тетіктерін жетілдіруді қоса алғанда мемлекет кепілдік берген қарыздардың есебінен қаржыландырылатын жобаларға агенттік қызмет көрсету.

2.3. Банктің 2007 жылғы 1 қазанға негізгі көрсеткіштері

2007 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша Банктің жеке меншік капиталы 87,8 млрд. теңгені құрайды, оның ішінде жарғылық капитал 73,6 млрд. теңге, резервтік капитал 12,9 млрд. теңге және бөлінбеген пайда – 2,8 млрд. теңге мөлшерінде.

Банк қаржыландыруға мақұлдаған инвестициялық жобалар мен экспорттық операциялардың көлемі 487 млрд. теңгені, оның ішінде инвестициялық жобалар – 383 млрд. теңгені, экспорттық операциялар 104 млрд. теңгені құрады.

Қаржыландыруға мақұлданған жобалардың жалпы көлемінде инвестициялық жобалардың үлесі шамамен 81,5%-ды құрады, бұл Банк қызметінің инвестициялық бағыттылығы туралы сөз етеді.

Банк кредит беруге мақұлдаған инвестициялық жобалар мен экспорттық операциялардың көлемі 2007 жылғы 1 қазанға 208 млрд. теңгеге жетті, оның ішінде инвестициялық жобалар – 172 млрд. теңге, экспорттық операциялар – 36 млрд. теңге.

Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздардың қаражаты есебінен қаржыландырылатын жобаларға агенттік қызмет көрсету көлемі 95 млрд. теңгеге барабар соманы құрады.

Басқа қаржы институттарымен (екінші деңгейдегі банктер немесе ЕДБ, халықаралы/шетелдік қаржы институттары) және шаруашылық жүргізуші субъектілердің өздерімен кредит тәуекелдерін бөлу қағидатын іске асыра отырып, Банк институционалдық инвесторлардан индустриялық-инновациялық дамуда мультипликативтік тиімділік жасайтын ірі ауқымды, перспективалық жобаларға жеке инвестициялардың ағынын ынталандыруды жүзеге асырады қорландыру базасын кеңейтуге ықпал етеді. Айталық, 2004 жылдың аяғына Банк инвестицияларының әрбір 1 теңгесіне Банк мақұлдаған жобалар мен операцияларды бірлесіп қаржыландыруға қатысушы басқа инвесторлардан 0,87 теңге тарту қамтамасыз етілсе, 2005 жылдың аяғына тарту 1,35 теңгені, 2006 жылы 1,5 теңгеге дейін артты, ал 2007 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша – 1,84 теңге.

№ 1 кесте: 2007 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша негізгі көрсеткіштер

Көрсеткіш	млн. теңге
Жарғылық капиталдың мөлшері	73 641,3
Жеке капиталдың мөлшері	87 800,3
Қарыз қаражатының мөлшері	101 271,9

3. Банк тиімділігінің негізгі көрсеткіштері

1. Кезеңнің аяғына несие берешегі – есепті кезеңнің соңғы жұмыс күніндегі жағдай бойынша инвестициялық жобаларды, экспорттық және лизингтік операцияларды іске асыруға берілген кредиттер бойынша Банк клиенттерінің несие берешегінің сомасы ретінде есептеледі;

2. Орта өлшемді жеке капиталға салық салуға дейінгі кіріс – күнтізбелік жылдың қорытындысы бойынша Банктің орта өлшемді капиталына салық салғанға дейін Банктің шоғырландырылған кірісінің ара қатынасы ретінде есептеледі.

4. Банктің қызметі туралы есеп

4.1. Ұзақ мерзімді кредиттік ресурстардың банктік нарығын талдау

Мерзімділігі және секторлар жөнінде оның концентрациясы бойынша банктік секторының ұзақ мерзімді кредит қоржынының құрылымы .

ЕДБ ұзақ мерзімді кредиттік қоржынының көлемі (1 жылдан асатын мерзімді кредиттер) 2007 жылғы 3-тоқсанның аяғына өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 5 607,8 млрд. теңгені құрай отырып, 2 есеге өсті. Бұл ретте экономикаға берілген кредиттердің жалпы көлемінде ұзақ мерзімді кредиттердің үлесі 74%-дан 79%-ға өсті.

Банк қатысатын экономиканың шикізатқа жатпайтын салаларына банк секторының ұзақ мерзімді кредиттік ресурстарының 614,3 млрд. теңгесі немесе ұзақ мерзімді кредиттердің жалпы көлемінің 11%-ы келді (өткен жылы 13%).

Тоқыма өнеркәсібінде 2007 жылғы 1 қазанға Банктің үлесі 45,3%-ды, өзге металлға жатпайтын минералдық өнімдердің өндірісінде – 50,4%-ды, металлургия өнеркәсібінде – 46,7%-ды құрады.

Банк секторы негізгі қорларды қаржыландырудың көзі ретінде.

ҚРҰБ деректеріне сәйкес 2007 жылғы 1 қазанға ЕДБ экономикаға берген ұзақ мерзімді кредиттердің 26,1%-ын ғана инвестициялық, яғни негізгі қорларды сатып алуға, сондай-ақ жаңа салуға және қайта жаңартуға бағытталған инвестициялық кредиттермен байланыстыруға болады. Негізгі қорларды сатып алуға, жаңа құрылыс пен қайта жаңартуға экономиканың барлық салалары бойынша жиынтықта 1 468,7 млрд. теңге келді.

Банк секторының өңдеуші өнеркәсіпке кредит беру көлеміндегі үлесі 38,7%-ға жетеді. Тамақ өнімдерін өндіру сияқты өңдеуші өнеркәсіптің салалары бойынша Банктің үлесі 5,4%-ды, тоқыма және тігін өнеркәсібінде – 78,4%-ды, целлюлозды-қағаз өнеркәсібінде – 59,6%-ды, химия өнеркәсібінде – 81,4%-ды, өзге металлға жатпайтын минералдық өнімдер өндірісінде –

34,2%, машиналар мен жабдықтар өндірісінде – 70%, электр жабдықтарының өндірісінде – 51,4%-ды құрайды.

Қаржыландыру құны.

Сыйақы ставкасының деңгейі бойынша ЕДБ-нің жобаларды шетелдік/халықаралық қаржы институттарымен және Банкпен тең шарттарда жүзеге асыруға әзірше жағдайы жоқ. Мәселен, Банк қатысатын секторлардағы ұзақ мерзімді (1 жылдан астам) кредиттер бойынша ЕДБ-нің орташа ставкасы 2007 жылғы 1 қазанға теңгемен 14,9%-ды және шетелдік валютамен 13,5%-ды құрайды. Ал Банктің орташа ставкасы 9,1%-ды құрайды.

4.2. Қаржыландырылатын және қаржыландырылған жобалар бойынша есеп

Банктің 53 млрд. теңгеден астам сомаға қаржыландырған 23 инвестициялық жобаларын іске асыру нәтижесінде Банк жаңа өндірістер құрды және бұрынғыларын жаңғыртты (Банктің қатысуы 39 млрд. теңге көлемінде), оның ішінде 2007 жылдың 1-ші жарты жылдығында кредиттеу көлемі 2,8 млрд. теңге болатын 4,0 млрд. теңге сомасына мынадай 2 инвестициялық жоба болды: «Өскемен қаласындағы жібек маталары комбинатында тоқыма өндірісін қалпына келтіру және кеңейту» (кредит сомасы – 2,2 млн. теңге) және «Дайын мақта-мата трикотаж іш киімін шығару жөніндегі тігін трикотаж өндірісі» (кредит сомасы – 0,6 млрд. теңге).

2007 жылғы 1 шілдеге инвестициялық жобаларды іске асыруға арналған орта мерзімді (10 жылға дейін) кредиттердің үлесі инвестициялық жобалар көлемінің 24%-на жуығын, ұзақ мерзімділердікі (10 жылдан бастап және одан да жоғары) – 76%-ын құрайды.

Банк жүргізген зерттеулердің деректері бойынша 2007 жылдың 1-ші жарты жылдығының қорытындылары бойынша өндірілген өнім мен Банктің қатысуымен қаржыландырылып іске қосылған кәсіпорындардағы қызметтердің жиынтық көлемі 14,5 млрд. теңгеден астамды құрады, экспортқа 3,5 млрд. теңгеден астам өнім шығарылады.

Банк қаржыландырған кәсіпорындардың бюджетке төлеген салық және өзге де аударымдары 2007 жылдың 1-ші жарты жылдығы ішінде шамамен 1 млрд. теңгені құрады. 2007 жылға 1 шілдеге 12,5 мыңнан астам жұмыс орындары құрылды, олардың ішінде 3,8 мыңы тұрақты, 8,6 мыңы ілеспелі және қамтамасыз етуші өндірістерде. Қарыз алушы кәсіпорындарда негізгі өндірістегі қызметкерлердің орташа айлық жалақысы 51 мың теңгені құрады.

Қаржыландырылатын/қаржыландырылған жобаның сипаттамасы	Жоба сомасы (млн. USD)	Банктің қатысуы (млн. USD)	01.10.2007 игерілгені (млн. USD)
А/ш өнімін қайта өңдеу			
Астықты қайта өңдеу жөніндегі жаңа қуаттар құруды инвестициялау және өндіріске қосымша ауыл шаруашылығы алқаптарын өндіріске тарту	7,35	6,49	0
Ауыл шаруашылығы техникасын лизингілік негізде Ақмола, Қостанай, С.-Қазақстан облыстарының астық өндірушілеріне беру	9,86	9,86	9,86

Жүгеріні крахмал сірнесіне терең қайта өңдеу жөніндегі зауытты салу	15,44	13,90	13,90
Майлы дақылдардың дәндерін қайта өңдеу жөніндегі зауытты салу (I кезең)	7,50	7,50	7,50
Майлы дақылдардың дәндерін қайта өңдеу жөніндегі зауытты салу (II кезең)	12,45	12,47	12,47
Қазақстанның солтүстік өңірінде жоғары сапалы ет өнімдерін өндіру жөнінде агроөнеркәсіп кешенін құру	52,96	15,14	0
Сусындарды қоса алғанда, тамақ өнімдерін өндіру			
Сусындар, лимонад, минералды су шығаруды кеңейту және жаңғырту	7,77	7,07	7,07
Ол бойынша экспорттық және ішкі сатуды ұйымдастыру мақсатында балық өнімін терең қайта өңдеу	12,05*	12,05*	0,75**
Тоқыма және тігін өнеркәсібі			
Жүн дайындау және оны қайта өңдеу	7,47	3,73	3,73
Мақта талшығынан иірімжіп өндіру	19,31	13,13	13,13
Дайын мақтамата маталары мен тігін бұйымдарын шығару жөніндегі иіру және бояп-әрлеу өндірісін қайта жөндеу	41,52	34,40	34,40
Өскемен қаласындағы жібек маталары комбинатында тоқыма өндірісін қалпына келтіру және кеңейту	26,34*	17,17*	18,54**
Дайын мақта-мата трикотаж іш киімін шығару жөніндегі тігін трикотаж өндірісі	5,11	5,05	5,05
Целлюлоз-қағаз өнеркәсібі; баспа ісі			
Тамақ өнеркәсібі үшін қағаз, гофрокартон және қағаз-картон бұйымдарын шығару	18,35	10,00	9,71
Кітап өнімін өндіру жөніндегі технологиялық желіні енгізу	13,38	7,96	7,96
Қағаз өнімдерін қайта өңдеу жөніндегі фабрика тұрғысында өндірістік базаны кеңейту	15,19	8,08	8,08
Картон-қағаз өнімдерін шығару мен қайта өңдеу комбинаты тұрғысында өндірістік базаны кеңейту	57,66	57,66	43,42
Өзге де металл емес минерал өнімдерін өндіру			
Ұялы бетоннан жасалған үй салу бұйымдарын шығару жөніндегі зауытты салу	12,76	6,04	6,04
Шыны талшығымен бекітілген полиэфирден жасалған құбырлар мен фитингтер шығару жөніндегі зауытты салу	26,01	19,63	19,63
Шыны-пластик құбырлар өндірісін ұйымдастыру	11,637 616	10,299 331	10,30
Құрылыс материалдарын шығару жөніндегі зауыт	10,178 131	8,928 131	4,31
Ұялы бетон өндірісін ұйымдастыра отырып, ТББ зауытын қайта жөндеу	19,22	12,82	8,00
Бетон, темір-бетон бұйымдары мен конструкцияларын шығару жөніндегі зауыт	15,67	10,62	10,62
Құйма шыны өндіру жөніндегі зауытты салу	244,70*	158,86*	-
Өнімділігі жылына 1 млн. тонна цемент зауытын салу	75,00	50,00	29,72
Оңтүстік Қазақстан облысында керамогранит өндірісін ұйымдастыру	35,42	24,04	-
Хантау станциясына жақын жерден цемен зауытын салу	41,38	30,00	-
Металлургия өнеркәсібі және дайын металл бұйымдарын өндіру			
Кейіннен ыстықтай деформациялай отырып, болатты үздіксіз құю әдісімен дөңгелек прокатты және борлау өнімдерін шығаруды ұйымдастыру	7,00	1,08	1,08
Металл кремнийін шығару жөніндегі зауытты салу	136,71*	37,15*	18,75**
Павлодар облысында қуаты жылына 250 мың тонна бастапқы алюминий шығару жөніндегі зауытты салу	487,81	151,50	-
Машиналар мен жабдықтар өндірісі			
АМЗ-МАН жаңғыртылған қозғалтқышы өндірісін қалпына келтіру және оны сериялы шығаруды ұйымдастыру және ауыл шаруашылығы техникасына қызмет көрсету жөніндегі сервис желілерін құру	20,00	20,20	20,19

Жаңа импорт алмастырушы өнім түрлерін және жаңа технологияларды игеру	6,21	2,19	2,19
Электр жабдықтар, электронды және оптикалық жабдықтар өндірісі			
Телефон өткізгіштерін, XLPE оқшаулағышы бар күш кабельдерін, орташа кернеудегі күш кабельдерін шығаруды ұйымдастыра отырып, кабель-өткізгіш өнімдері өндірісін кеңейту	9,97	5,32	5,32
Рентген аппараттары өндірісін жаңғырту	7,04	5,50	4,26
Электр энергиясын, газ бен суды өндіру және бөлу			
Қазақстанның солтүстігі - Оңтүстігі 500 кВ транзиті электр берудің екінші желісін салу (I кезең)	90,50	21,00	20,23
Қазақстанның солтүстігі - Оңтүстігі 500 кВ транзиті электр берудің екінші желісін салу (II және III кезеңдер)	245,70	53,50*	34,66**
Мойнақ СЭС-ін салу (I және II кезеңдер)	25,00	25,00	18,95
	250,80	26,06	-
Жылу-энергетикалық өндірісті жаңғырту	12,21	6,24	-
«Өзен – Ақтау» магистралды газ құбырының резервтік талшығын салу	25,00	25,00	4,38
ТЭЦ-2 желдету градирендерін қайта жөндеу	20,16	20,37	-
Көлік және байланыс			
Сұйытылған газды тасымалдауға арналған цистерналар сатып алу	11,70	11,70	11,51
Түпқараған шығанағындағы теңіз операцияларын қолдау базасын дамыту шеңберінде айлақ, алаңдар мен жолдар салу	10,00	10,00	10,00
Теңіз операцияларын қолдау флотын салу және сатып алу	12,91	10,60	5,82
Бағыттық аударымдарды реновациялау және дайындау	10,00	10,01	10,01
Астана-Алматы учаскесінде талшықты-оптикалық байланыс желісін салу	28,25	18,84	18,84
Ақтау халықаралық теңіз сауда портын солтүстік бағытта кеңейту (I және II кезеңдер)	25,00	25,00	22,50
	263,98*	75,00	-
Теңіз кемелеріне май құю станцияларын салу	32,56	25,15	-
G-Net деректер беру желісін құру	6,08	5,34	3,35
Керчь теңіз балық портының (Украина) аумағында сұйытылған көмірсутегі газын аудару жөніндегі терминал салу	29,00	9,29	-
Темір жол вагондарының тоқтап тұру паркін салу және осы паркті пайдалану жөнінде мердігерлік қызметтер көрсету	8,30	8,30	4,75
Алматы және Астана қалаларында көлік-логистикалық орталықтар құру I-кезең	123,90	96,16	-
Химия өнеркәсібі			
ARNIX өнімін өндіру жөніндегі технологиялық кешенді іске қосу мен іске асыруға арналған жоба	24,89	9,54	1,02
Көп салалы жобалар			
Жоғары октанды экологиялық отын биоприсадкасын өндіру жөніндегі өнеркәсіп кешенін салу	94,07	60,91	60,66
Жиыны:	2 793,49	1 348,85	550,21
Жиыны, млрд. теңге	338,6	163,5	66,7


* жобалар мен кредиттердің сомалары жоба мақұлданған күнгі бағам бойынша келтірілген

** игеру сомалары 2007 жылғы 28 қыркүйектегі ҚХБ бағамы бойынша келтірілген

Салалық және өңірлік тәуекелдерді әртараптандыру саясатын негізге ала отырып, Банктің 2007 жылғы 1 қазанға инвестициялық жобаларды қаржыландыруды Банк мақұлдаған мынадай салалық және өңірлік кредиттеу құрылымы бар (№1 және № 2 сурет).


№1 сурет

Банктің инвестициялық жобаларды қаржыландыруға қатысуының салалық құрылымы



№2 сурет

Банктің инвестициялық жобаларды қаржыландыруға қатысуының өңірлік құрылымы



Банк кредит беретін экспорттық операцияларды іске асырудың әр түрлі сатыларында тұрған детальдар мынадай (кредиттік келісімдерге сәйкес):

<u>Қаржыландырылатын экспорттық кредиттердің сипаттамасы</u>	Кредит сомасы (млн. USD)	01.10.2007 игерілгені (млн. USD)

<u>Мақта талшығын сатып алу және иірімжіп шығару</u>	10,1	10,1
<u>Мақта талшығын сатып алу және иірімжіп шығару</u>	5,0	5,0
<u>Экспортқа астық сатып алу</u>	4,3	4,3
<u>Дайын маталар</u>	5,0	5,0
<u>Резина-техникалық бұйымдарды сату</u>	4,9	4,9
<u>Резина-техникалық бұйымдарды сату</u>	4,9	4,9
<u>Минералды тыңайтқыштардың Тәжікстанға экспортын қаржыландыру</u>	5,0	5,0
<u>Бидай астығын шығару және олардың экспорттық жеткізілімдері</u>	5,0	5,0
<u>Электротехникалық мақсаттағы өнімдерді жеткізу</u>	1,0	1,0
<u>Қорғасын мен ілеспе өнімді шетелге шығару</u>	5,0	5,0
<u>Ұнды экспортқа беру</u>	5,0	5,0
<u>Ұн беруге арналған экспорттық беруді қаржыландыру</u>	3,0	3,0
<u>Жуылған биязы кой жүнін экспорттық қаржыландыру және шұға иірімжібін шығару</u>	5,0	0
<u>Уылдырық пен бекіре тұқымдас балықтың экспорты</u>	5,0	5,0
<u>К маркасын кокстауға арналған көмір концентратының экспорты</u>	3,9	3,9
<u>Соя өнімінің экспорты</u>	5,0	5,0
<u>Мақта талшығын сатып алу және иірімжіп шығару</u>	5,0	5,0
<u>Мақта талшығын сатып алу және иірімжіп шығару</u>	5,0	5,0
<u>Қазақстаннан соя белоктарының экспортын қаржыландыру</u>	5,0	5,0
<u>ВМ Start+ стартерлік аккумулятор батареяларын жылжыту және сату</u>	1,0	0
<u>Аккумулятор батареяларын шығару және оның экспорты</u>	1,5	1,5
<u>ЖЖМ экспортын қаржыландыру</u>	5,0	0
<u>Мақта талшығын сатып алу және иірімжіп шығару</u>	5,0	5,0
<u>Мақта талшығын сатып алу және иірімжіп шығару</u>	5,0	5,0
<u>Мақта талшығын сатып алу және иірімжіп шығару</u>	5,0	0
<u>Хризотил-асбестің экспорты</u>	2,9	0
<u>Электр жабдықтарын, электронды және оптикалық жабдықтар өндіру</u>	1,0	0
<u>ауыл шаруашылығы, аңшылық және орман шаруашылығы</u>	4,9	0
<u>ауыл шаруашылығы, аңшылық және орман шаруашылығы</u>	4,7	0
<u>Жиыны:</u>	128,1	98,6
<u>Жиыны, млрд. теңге</u>	15,5	12,0

Экспорттық операцияларды қаржыландыру кезінде Банк мыналарды ұсынады:

- қаржыландырудың бәсекелестік шарттары;
- қаржыландырудың әртүрлі схемалары (сатып алушы кредиті, беруші кредиті, консорциалдық кредит беру тетіктері, экспорттық түсімді секьюритизациялау және т.б.).

4.3. 2005-2007 жылдар ішіндегі негізгі тиімділік көрсеткіштері жөніндегі есеп.

№	Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2005 іс жүз.	2006 іс жүз.	2007 (3 т-н.) іс жүз.	2007 бағалау
1	Кредиттеу көлемі (өспелі жиынымен), оның ішінде:	млн. теңге	100 243,8	158 744,0	207 446,40	281 769,1
	инвестициялық жобалар	млн. теңге	73 528,2	126 596,8	171 339,84	228 163,9
	экспорттық операциялар	млн. теңге	26 715,6	32 147,2	36 106,56	39 165,2
	лизингілік операциялар					14 440,0
2	Қаржыландырылатын/қаржыландырылған инвестициялық жобалардың саны	бірлік	6	35	36	36
	Оның ішінде серпінді	бірлік	2	10	9	9

3	Мақұлданған инвестициялық жобалардың саны (өспелі жиынымен)	единиц	37	49	58	64
4	Жобаларға агенттік қызмет көрсету көлемі	млн. теңге	42 398,5	98 048,3	95 014,08	107 853,2
5	Кредиттік қызметтен кіріс (есептеумен), оның ішінде	млн. теңге	3 599,0	4 312,7	3 798,57	5 424,4
	инвестициялық жобалар	млн. теңге	2 815,1	3 609,6	3 396,57	4 655,8
	экспорттық операциялар	млн. теңге	783,9	690,8	402,00	768,6
6	Кредиттер бойынша резервтерге ассигнования	млн. теңге	1 176,7	-303,8	959,03	1 408,7
7	Ассигнованияны шегергендегі кредиттік қызметтен кіріс/Доход (пайыздық) (есептеумен)	млн. теңге	2 427,4	4 579,9	2 839,54	4 015,7
8	Несие берешегі	млн. теңге	47 266,1	50 602,4	66 491,71	98 282,1
9	Инвестициялық кіріс	млн. теңге	4 851,7	6 253,0	5 408,31	8 321,1
10	Жаңа инвестициялық жобалар бойынша кредит берудің орташа ставкасы	%	9,4	7,9	9,1	8,5
11	Сенімсіз кредиттер (NPL)	%	0	0	0	0
12	Резервтік талаптар деңгейі	%	5	4	5	4
13	Қалыптастырылған провизиялар қоржынының көлемі	млн. теңге	2 330,2	2 183	3 097,4	3 471,7
14	Пайыздық шығыстар	млн. теңге	3 234,9	4 530,3	3 700,4	5 584,1
15	Таза кіріс	млн. теңге	2 956,0	3 578,9	2 755,1	3 085,7
16	Негізгі қызметтен үсетін кіріс/ассигнованияны шегергенде провизия мен корпоративтік салық шығыстары	%	180,5	166,0	173,0	171,5
17	Жобалар бойынша мультипликативтік әсер	Жоба құнының Банктің кредит беру көлеміне қатынасы	2,35	2,12	2,23	2,33
18	Жобаларды кредиттеудің орташа мерзімі	жыл	12,29	11,46	13,19	10,87
19	Банктің қатысуымен қаржыландырылған іске қосылған кәсіпорындарда шығарылған жаңа тауарлардың (ноу-хау), құрауыштар мен технологиялардың жиынтық көлемі (есепті кезең ішінде)	млрд. тг.	33	34	-	38
20	ROE	%	4,7	4,2	3,1	3,2
21	ROA	%	2,5	1,95	1,2	1,5
22	Қарыз бен жеке капитал арасындағы қатынас	%	93,6	100,1	115,0	131,0
23	Жұмыс күндерінде инвестициялық жобаны қарау мерзімі (Кредиттік комитетте мақұлданғанға дейін экспресс-талдау жүргізілгеннен кейін)	дни	-	26	26	26
АҚШ долларының есептік бағамы, теңге			133,98	127,00	120,96	117,00

4.4. 2005-2007 жылдар ішіндегі қаржылық қолдау көрсету көлемі жөніндегі есеп

Мақта өсіруге арналған техника мен жабдықтардың қаржылық лизингін ұйымдастыру, «Тоқыма өнеркәсібі» пилоттық кластері шеңберінде тоқыма және тігін өнеркәсібін дамыту үшін Банкке 2006 жылы 15 жылға 5,08 млрд. теңге сомасында бюджет кредиті берілді.

Экономиканың нақты секторына кредит берудің жиынтық көлемін ұлғайту мақсатында 2005-2007 жылдары ҚР Үкіметі, жергілікті атқарушы органдар және «Қазына» қоры республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен жиынтығында 42,6 млрд. теңгеге жарғылық капиталды ұлғайтты.

4.5. 2005-2007 жылдар ішіндегі қаржы нарығындағы операциялар бойынша есеп

Бүгінгі күні үш жетекші рейтингтік агенттіктер Standard&Poor's, Moody's және Fitch тиісінше BBB-/A2/BBB деңгейінде рейтингтер белгіледі.

Борыштық міндеттемелер нарығын талдау 2020 жылы өтеу мерзіміндегі Банктің шығарылған еурооблигациялары бойынша АҚШ қазынашылық міндеттемелеріне спредтің қазір 141 б.п. құрайтынын көрсетті, ал ол шығарылған кезде 2005 жылғы маусымда спредтер тиісінше 238 б.п. құраған болатын. Бұл Банктің халықаралық капитал нарықтарындағы кредиттік тәуекелінің төмендегені және инвесторлардың Банктің борыштық бағалы қағаздарына қызығушылықтың жоғарылығы туралы куәландырады.

Банк қаржы нарығында орта мерзімді екронот бағдарламасы (бұдан әрі - EMTN Programme) шеңберінде еурооблигациялардың 3-ші және 4-ші траншын орналастыру жөніндегі операцияларды жүргізді.

2005 жылғы 26 мамырда Банк үшінші EMTN Programme шеңберіндегі транштағы 100 млн. АҚШ долларындағы еурооблигацияларды 15 жыл айналым мерзімімен және 6,5% жылдық купонымен орналастырды.

2006 жылғы 15 наурызда айналымының басталу күні 2006 жылғы 23 наурыздағы Банк төртінші EMTN Programme шеңберіндегі транштағы 150 млн. АҚШ долларына 20 жыл айналым мерзімімен және 6% жылдық купонымен орналастырды. Көрсетілген шығарылым барлық қазақстандық корпоративтік эмитенттер мен ТМД елдерінің эмитенттері үшін ұзақ мерзімді қарыз алу жөніндегі жаңа индикативтік бағдарға айналды.

4.6. Банктің 2005-2007 жылдар ішіндегі кадр саясаты жөніндегі есеп

2007 жылғы 1 қазанға Банктің штат саны 235 адамды (оның ішінде, фронт-офис – 58, мидл-офис – 80 и бэк-офис – 74), ал іс жүзінде – 214 адамды құрады. Банктің менеджменті жоғары білімі мен жұмыс практикасы бар, оның ішінде шетелдік қаржы институттарында практикасы бар жоғары білікті мамандардан құралған.

Банк қызметкерлерінің ішінде штаттық кестеге сәйкес 209 қызметкердің жоғары білімі бар, оның ішінде 44 адам білімді шет елде алған,

4 қызметкердің ғылым кандидаты және 32 қызметкердің магистр дәрежесі бар.

Жыл сайын Банк қызметкерлері Қазақстанда және шет елдерде біліктілігін арттыру курстарынан өтеді, қызметкерлерді уәждеу жүйесі жетілдірілуде, әлеуметтік қолдау мен медициналық қызмет көрсетумен қамтамасыз етіледі. Бұдан басқа, Банкте сабақ беру жолымен мемлекеттік тілді енгізу жүзеге асырылуда. Сондай-ақ ағылшын тілін оқыту жөніндегі сабақтар да жүргізіледі.

5. Банк қызметінің 2008-2010 жылдарға арналған даму жоспары

5.1. Банк нарығының 2008-2010 жылдарға арналған перспективасы

Қазіргі кезде АҚШ ипотекалық нарығындағы дағдарыс туындатқан дағдарыстың салдарынан банк жүйесінің негізгі өлшемдерін түзету үдерісі жалғасуда:

а) жиынтық жеке меншік капитал мен банктердің жиынтық активтерінің, сондай-ақ ЕДБ ресурстық базасы өсімінің кідіруі;

б) ипотека мен тұрғын үй құрылысын кредиттеуден отандық экономиканың басқа да тауашасына көшу жолымен кредит нарығын әртараптандыру;

в) Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің қайта қаржыландыру ставкасы ҚР-дағы инфляциялық қысымды азайту мақсатында 2005 жылғы ақпаннан бастап бірнеше рет көтерілді және бүгінгі күні 11%-ды құрайды.

5.2. 2008-2010 жылдарға арналған қызметтің басым бағыттары

Қазіргі кезде Қазақстан экономикасында мыналар байқалады:

- шаруашылық жүргізуші субъектілердің инвестициялық, іскерлік және өндірістік белсенділігінің ұлғаюы;

- инвестициялық ресурстарға сұраныстың өсуі;

- кәсіпкерлік сектордың тарапынан банктер ұсынатын қызметтердің кеңейтілген спектріне сұраныстардың ұлғаюы;

- өздерінің экспортқа бағдарланған стратегиясы мен әлемдік бәсекеге қабілеттілікті қолдау мүдделерінде ұлттық компаниялар мен жеке сектордың ірі корпорацияларының жақын және алыс шет елдердегі нарықтарға экспансиялары шеңберінде республика шегінен тысқары жерлердегі қазақстандық инвестициялардың өсуі.

Осы үрдістердің Банк қызметіне әсері капитал салымдарына инвестициялық кредит беру көлемдерінің, инвестициялық жобаларды іске асыру мерзімі мен ауқымдарының өсуінде байқалады.

Өз миссиясына қол жеткізу үшін Банк мыналарды жоспарлайды:

1) Кластерлер құру шеңберінде **ірі инфрақұрылымдық жобалар мен жобаларды сараптауды, қаржыландыруды, үйлестіруді және олардың мониторингін жүзеге асыру**. Банк инвестициялық жобаларға кредит беруді жүзеге асыратын, оның ішінде «30 корпоративтік көшбасшы» бағдарламасы шеңберінде инвестициялық жобаларды және қазақстандық ұлттық компаниялардың инвестициялық жобаларын қаржыландыруды жүзеге асыратын және бұл ретте кредит берудің негізгі қағидаттарын сақтауды және

шығынсыз және теңгерімделген кредиттік қоржынды қалыптастыруды қамтамасыз ете отырып, кепілдіктер беретін және өзге де қаржы құралдарын пайдаланатын болады;

2) Елдің орнықты дамуына қол жеткізу, оның ішінде ШЫҰ кеңістігінің шеңберіндегі инвестициялық жобаларды қаржыландыру үшін осы елдер экономикасы интеграциясының артықшылықтарын пайдалану мақсатында Банктің сыртқы жақын жатқан нарықтарына шығуы шеңберінде **жобаларды іске асыруды жақын шет елдерде жүзеге асыру**;

3) Жобалар бойынша ақша ағымдарын секьюритизациялау арқылы жобалық облигациялар шығару, клиент үшін қарыздарды синдициялау, консалтинг, кәсіпорындардың қор нарығына шығуына жәрдем көрсету (андеррайтинг), яғни акциялар, облигациялар шығару және осының есебінен қосымша инвестициялар алу сияқты құралдарды пайдалана отырып, **инвестициялық банкинг қызметтерін көрсету**. Инвестициялық банкинг құралдарын пайдалану өнеркәсіптің өнім өңдеу секторына инвестициялау көлемдерін елеулі түрде арттыруға, экономиканың одан әрі әртараптануына ықпал етуге мүмкіндік береді;

4) мемлекеттік және кепілдік берілген мемлекеттік, сондай-ақ агенттік қызмет көрсету туралы келісімдердің негізінде халықаралық даму институттары қарыздары есебінен іске асырылатын жобаларды іске асыру, мониторингілеу және оларға қызмет көрсету жөніндегі **агенттің функцияларын мемлекеттің орындауын қамтамасыз ету**;

5) Кейіннен Банк енгізуі және одан әрі қаржыландыруы мүмкін инвестициялық идеялар мен техникалық ноу-хауларды іздестіру мақсатында **нарықтарды, салаларды, компанияларды зерттеуді жүзеге асыру**;

6) Қарыздарды орналастыру және қазақстандық биржада және АӨҚО арқылы деривативтер жөніндегі мәмілелер жүргізу арқылы ҚР **қаржы секторы мен бағалы қағаздар нарығын дамытуға ықпал ету**.

Теңгемен облигациялар шығаруды жүзеге асыру кезінде Банк көрсетілген теңгедегі облигацияларды негізгі институционалдық инвесторлар ретінде қазақстандық жинақтаушы зейнетақы қорларына таргеттейтін болады.

Сыртқы қор нарығынан ақша тарту шарттарының нашарлауын ескере отырып, Даму Банкі ішкі нарықта облигациялық бағдарламаны табысты түрде жүзеге асыруы мүмкін, оның шеңберінде әртүрлі айналым мерзімі (10-нан 30 жылға дейін) және купон сыйақыларының әр алуан түрлері бар облигациялар орналастырылуы мүмкін.

Нарық капиталдарына қол жеткізуді қамтамасыз ету, жобалық облигацияларды шығару жолымен жобаларды қаржыландыру кезінде Банк артық тәуекелдерге және тиісінше капиталдың жоғары құнына байланысты өздігінен мұндай қаржыландыруды алуға жағдайы жоқ экономикалық жағынан тиімді компаниялар мен жобалардың құнын төмендету және қаржыландыру мерзімін ұлғайту мақсатында мамандандырылған кәсіпорын (SPV) шығаратын жобалық облигациялар үшін кредитке қабілеттілігі мен өтімділігін (credit&liquidity enhancement) күшейту жөніндегі қызметтерді көрсететін құрылымдық және жобалық қаржыландыруды ұйымдастыру ретіндегі рөлді атқаруы мүмкін. Жоғарыда көрсетілген қолдау нысанының

жекеше жағдайы болып инвестициялық жобаларды қаржыландыру мақсатында жүзеге асырылатын жобалық облигацияларды шығару үшін мемлекеттік кепілдіктің баламасы ретінде Даму Банкінің кепілдік беруі қызмет етуі мүмкін;

Сонымен бірге, Банк ұсынатын өзгерістерге сәйкес шикізаттық емес сектордың отандық кәсіпорындарын қолдау жөніндегі тиісті бағдарламалардың шеңберінде екінші деңгейдегі банктерге кредит беру жолымен қолда бар құралдарды кеңейтуге бастамашылық жасалады.

7) Жобаларды қаржыландыруға және іске асыруға байланысты мәселелер бойынша **Банктің ықтимал клиенттеріне консультация беру.** Көптеген компаниялар (ағымдағы кезеңде барынша табысты) тіпті орта мерзімді кезеңнің өзіне өз бизнесін дамыту перспективалары туралы ойланып жатпайды, ескі көнерген технологияларды пайдаланады, Мысалы, Оңтүстік Кореяның болат құю өнеркәсібі қазақстандық бәсекелесінен бір деңгейге жоғары, еңбек өнімділігі артығырақ. Сондықтан Банк оның әлемдік ауқымдағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін ықтимал клиентпен консалтингтік жұмыс жүргізеді. Ықтимал қарыз алушыны, пайдаланылатын технологияларды, шығарылатын өнімнің номенклатурасын егжей-тегжейлі, кешенді талдау, оның бәсекеге қабілеттілігі мен экспорттық әлеуетін зерделеу осындай жұмыстық алғышарттары болып табылады, бұл банк қызметтеріне арналған болжалды мақсатты сұраныс қалыптастыруға және «серпінді жобалар» алуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Банктің шетелдік сарапшыларды тарта отырып, зерттеулер жүргізуі осы тектегі консалтингтің негізі ретінде қызмет етеді, оларда мына сияқты негізгі сәттер көрініс табуға тиіс:

-өндіріс көлемдерін, өсу мүмкіндігін (capacity) көрсететін жиынтық шолу, импорттың/экспорттың және ішкі тұтынудың деректерін, сол немесе өзге де өнеркәсіптің негізгі өнімдеріне 5-жылдық (10-жылдық) сұраныс;

-сол немесе өзге де өнеркәсіптің негізгі өнімдерін шығаратын олардың ресурстық қамтамасыз етілуі мен өндіру технологиясының бірегейлігін қоса алғанда, елдегі көшбасшы компаниялардың тізбесі, компаниялар бойынша статистикалық деректер (өндіріс, тұтыну, сауда);

-болашақтағы тұтыну трендтерін (бағыттарын), нарықтық өсу перспективаларын сипаттай отырып, негізгі түрлер бойынша ағымдағы тұтыну;

-негізгі өнім түрлерінің бағасы;

-сауда әріптестеріне шолу және импорт/экспорт бойынша трендтер;

8) **Банктің инвестициялық қоржыны активтерінің өтімділігі мен кірістілігінің қажетті деңгейін ұстау,** мыналарды қоса алғанда:

-Банктің кредит саясаты туралы меморандумда белгіленген басымдықтарға сәйкес Банктің активтерін ішкі және сыртқы нарықтардағы өтімділігі жоғары қаржы құралдарына инвестициялау және активтер кірістілігінің қабылданатын тәуекел деңгейіндегі жеткілікті деңгейін алу (тәуекелдің негізгі түрлерінің орнын толтыратын инвестициялық кіріс алу: пайыздық, валюталық тәуекелдер, өтімділікті жоғалту тәуекелі, кредиттік, инфляциялық, саяси, жүйелі тәуекелдер);

-Банктің өзінің ағымдағы міндеттемелері бойынша төлем қабілеттілігі;

- тұрақты мониторинг және инвестициялық қоржынның құрылымын ішкі және сыртқы қаржы нарықтарындағы ағымдық және болжалды жағдайларға сәйкестігі мәніне талдау;

- контрагенттерде белгіленген лимиттерге сәйкес инвестициялық қоржындағы мемлекеттік емес бағалы қағаздар үлесінің ұлғаюы;

- инвестициялық қоржын бойынша тәуекелдерді бағалау әдістерін жетілдіру;

- активтер мен резервтерді басқару саласында тәжірибе мен консультациялар алу мақсатында инвестициялық қоржын активтерінің бір бөлігін шетелдік қаржы институттарына (активтерді басқару жөніндегі компанияларға) сыртқы сенімді басқаруға беру;

9) Шетелдік/халықаралық даму институттарымен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету, мыналарды қамтамасыз ету үшін:

- жобаларды Қазақстанда іске асыру кезінде, сондай-ақ бірлесіп қаржыландыру синдикацияларын, қорларын құру үшін бірлесіп қаржыландыру;

- ұзақ мерзімді ресурстарды тиісті түрде қорға жинауды және оларға қол жеткізуді қамтамасыз ету (тартымды шарттарда қарыз беру);

- консалтингтік зерттеулер жүргізу жөнінде соңғыларының дұрыс шешімдер қабылдауы (техникалық көмек гранттарын бөлу) үшін клиенттерді сапалы консалтингпен қамтамасыз ету;

- жобалық облигациялар шығару мүмкіндігімен мәмілелерді құрылымдау;

- оларды Қазақстаннан тысқары жерлерде жобаларды бірге қаржыландыруға тартуды қоса алғанда, халықаралық банкингті дамыту;

- шетелдік контрәріптес арқылы шетелдік нарықта Банктің клиенттеріне жәрдем көрсету;

- шетелдік контрәріптес арқылы шетелдік фирмалармен және компаниялармен іскерлік және әріптестік қатынастар орнату;

10) Банктің жағымды кредиттік жылнамасын ұстау үшін рейтингтік агенттіктермен, инвесторлармен, реттеуші органдармен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету және іске асырылатын жобаларға лайықты мониторингті жүзеге асыру;

11) Экспорттық операцияларды жүзеге асыру. Қазақстандық тауар өндірушілердің тауарларын қолдау мен оларға кредит беру бүгінгі күні Мемлекет басшысы қойған аса маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Сауданы қаржыландыру мен экспорттық операцияларды қаржыландыру экспортты қолдаудың негізгі нысандарының бірі және тұтастай алғанда, сауда қатынастарын дамытудың ынталандырушысы болып табылады.

Экспорттың тауарлық құрылымының серпінін талдау Қазақстанның орта мерзімді перспективадағы экспорттық әлеуетінің негізі отын-энергетикалық ресурстарда, минералдық шикізат пен олардан өндірілетін аралық өнімдерде (мұнай, қара және түсті металдар, рудалар мен концентраттар) сақталатыны туралы куәландырады.

Банктің қатысуы тұтастай алғанда, экономиканың жаңа технологиялық қалыптарға көшуі үшін өнеркәсіптің индустриялық өзегін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Елдің экспорттық әлеуетіне негізделе отырып, экспорттық

кредиттік саясаттың құрылымдық-географиялық бағыты мынадай 3 блоктан тұрады.

- Оңтүстік-Шығыс, ТМД бағытында экспорттық блоктың дамуын қаржыландыру (мұнай-газ өндіру, уран, металлургия және көмір өнеркәсіптері);

- ТМД елдері, Таяу және Орта Шығыстың араб, Солтүстік Америка, Балтық жағалауы мен Батыс Еуропа елдері бағытында қалыптасу үстіндегі экспорттық блокты қаржыландыру (мұнай-химия, химия, тамақ өнеркәсібі, энергетика, астық саласы, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу);

- нашар дамыған экспорттық блокты қаржыландыру (машина жасаудың шағын салалары мен құрылыс материалдары өнеркәсібі, жеңіл, тоқыма-тігін, тері өңдеу-аяқ киім, ағаш өңдеу өнеркәсіптері);

12) Аппараттық және бағдарламалық құралдарды қоса алғанда, Банктің автоматтандырылған басқару жүйелерін жетілдіру жолымен ақпараттық технологияларды одан әрі дамытуды жүзеге асыру; мынадай:

-банктің автоматтандырылған жүйелерін дамыту;

-ақпаратты сенімді қорғауды және оның сақталуын қамтамасыз ететін ақпараттық қауіпсіздік жүйесін құру және енгізу;

-ИТ-персоналды даярлау және оқыту жолымен олардың сенімділігі мен тиімділігін арттыру.

13) Банктің негізгі қызметінің бағыттарына, ауқымына, өсу серпініне және өзгеріп отыратын нарық конъюнктурасына сәйкес одан арғы институционалды дамуды мыналар арқылы жүзеге асыру;

-Банктің ерекшелігін ескере отырып, халықаралық есеп стандарттарын, тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйелерін енгізу және оларды жетілдіру;

-мүдделер дау-дамайын болдырмау, бәсекелестік пен нәтижелерге қол жеткізуді экономикалық ынталандыру қағидаттарын пайдалана отырып, Банктің айқын функционалдық мамандануы мен бөлімшелер қызметінің тығыз үйлесуі бар ұйымдастырушылық құрылымын жетілдіру;

14) Банктің шығынсыз қызметін қамтамасыз ету, өз мақсаттарына қол жеткізу үшін нарық қағидаттарын, әдістері мен құралдарын пайдаланатын институт ретінде оның өмір сүру қабілетінің негізінде жатыр. Бұл мынадай жолдармен қамтамасыз етілетін болады:

-Банктің кредиттік, қарыз және инвестициялық қоржындарын уақыт, сандық және пайыздық параметрлер бойынша теңгерімдеуді қамтамасыз ететін активтерді және пассивтерді тиімді басқару;

-Банктің операциялық шығыстарын оңтайландыру;

-Банктің кірістері мен шығыстарын қатаң бақылауды, белгіленген талаптар мен шектеулерді қамтамасыз ететін Банк қызметінің жүйелі түрдегі аудиті.

Мынадай саладағы жобалар **салалық басым бағыттар** болып табылады:

-электр энергиясы мен отынның басқа да түрлері экспортқа бағдарланатын энергетика (атом электр станциялары, жылу және су электр станциялары, биоэнергетика);

-инфрақұрылым (Оңтүстік-Батыс транзиттік дәлізі, темір жол тарамдарын, теңіз және «құрғақ» порттар, әуежайлар, логистикалық орталықтар салуды қоса алғанда, көлік инфрақұрылымын салу);

Осы саладағы жобаларды іске асыру мемлекеттік транзиттік рөлін арттырумен қатар, аралас салаларға – көлік-логистикалық құрылымдарды дамытуға, қазақстандық өнімдер мен қызметтердің өткізу нарықтарына жылжытудың тиімді схемасын қалыптастыруға, ҚР құрылыс материалдары өнеркәсібі мен кластерлік бастамаларына оң әсер етеді;

-металлургия, бұл өткен ғасырдың 70-ші жылдарының технологияларын пайдаланатын көрсетілген саладағы қазіргі кәсіпорындарды реновациялаумен байланысты;

-химия және мұнай химиясы, мұнай-газ жабдықтарын өндіру;

-ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеумен байланысты тамақ өнеркәсібі.

Банктің шетелдік жобаларын қаржыландыру Қазақстанда жоғарыда көрсетілген салаларды дамытуды қамтамасыз етуге арналады. Мысалы, Қазақстанда электр энергетикасы саласын дамыту контексінде жобалардың құнын төмендету үшін СЭС, ГРЭС-терге арнап жабдықтар шығару жөніндегі кәсіпорындарда акциялар сатып алуды немесе үлестік қатысуды қаржыландыру орынды немесе елдің транзиттік әлеуетін дамыту контексінде қазақстандық тауар жүріп өтетін жол бойындағы порттардағы қатысу үлестерін сатып алу орынды.

Банктің кредиттік қызметін жандандыру мынадай жолмен іске асырылатын болады:

-инвестициялар нарығына сегментация жүргізу, шаруашылық жүргізуші субъектілердің мақсатты топтарын бөлу және перспективалық қарыз алушылардың картасын жасау;

-ғылымды қажетсінетін және жоғары технологиялы экспортқа бағдарланған ірі өндірістердің (ұлттық компаниялар) ірі шаруашылық жүргізуші субъектілерімен, ықтимал іске асырушыларымен жеке тәсілдерді әзірлеу және жұмысты ұйымдастыру;

-мына мәселелерді: ұлттық компаниялардың кепілдік берілген инвестициялары мен активтерін қамтамасыз етуді; құрылымдық қаржыландыру әлеуетін пайдалануды; қарыз алушылар үшін қаржылық консалтинг пен андеррайтингті қамтамасыз етуді; кредиттердің баға түзуін, оның ішінде кредиттік тәуекелді бағалау әдіснамасын жетілдіруді, кредит беру ставкаларын белгілеу мен қайта қарауды (мультивалюттік кредит беруді қоса алғанда), тарифтер қолдануды, комиссияларды және т.б. қоса алғанда, шаруашылық жүргізуші субъектілерді корпоративтік қаржыландыру элементтерін неғұрлым кеңінен пайдалануға көшу;

-кредиттік жобалар дайындауға жәрдем көрсету, тақырыптық талдамалық зерттеулер жүргізу, адами және ұйымдастырушылық әлеуеттің дамуын қолдау жолымен Банктің инвестициялық қызметін жандандыру үшін клиенттерге техникалық қолдау көрсету;

- институционалдық инвесторларды тарту үшін өңірлерге, шет елдерге шыға отырып, тұсаукесер материалдарын шығарумен, «direct mailing» мүмкіндіктерін пайдалана отырып, PR-компаниялар өткізу.

5.3. 2008-2010 жылдарға арналған негізгі тиімділік көрсеткіштері бойынша мақсаттар

Банктің қоржындары мен шығынсыз қызметінің жоспарланып отырған кезеңге арналған теңгерімделген параметрлерін айқындау үшін Банктің 2010 жылға дейінгі кезеңге арналған қаржылық жай-күйі мен негізгі қаржы ағымдарының болжалдық есептері жүзеге асырылды.

Банк қызметінің тиімділігі мониторингін жетілдіру мақсатында мынадай көрсеткіштер орта мерзімді кезеңге арналған негізгі тиімділік көрсеткіштері болып белгіленді.

«Қазақстанның Даму банкі» АҚ 2008-2010 жылдарға арналған негізгі тиімділік көрсеткіштерінің болжамы

№	Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2008				2009	2010
			1 т-н	2 т-н	3 т-н	4-т-н		
1	Несие берешегі, кезеңнің аяғына	млрд. теңге	152	184	215	250	425	640
2	Салық салуға дейінгі кіріс, орташа капиталға	%	-	-	-	6	8	10
АҚШ долларының есепті бағамы - 121,5 теңге								

Көптеген ықтимал нұсқалардың ішінен неғұрлым қолайлы ретінде таңдап алынған Банк қызметінің өзара байланысты көрсеткіштерінің жиынтығы орташа және ұзақ мерзімді перспективаларда Банктің қаржылық тұрақтылығы мен шығынсыздығы кезінде оның стратегиялық міндеттерін шешуді қамтамасыз етеді.

Бұл нұсқа нарықтық қарыз алу құнының мүмкін болатын өсімі, активтердің бір бөлігін жіктеу мен оларға қарсы провизиялар (резервтер) құру, берілген қоржынаралық қатынастар мен теңбе-теңдікті сақтаудың міндеттілігі шарттарында Банктің кредиттер бойынша сыйақы ставкаларын ұстай отырып, жылдық көлемдер мен экономикаға кредит беру мерзімінің серпінді өсуін көздейді.

Сонымен бірге Банктің несие қоржынын біртіндеп ұлғайту және капиталға қатысты даму институттары үшін барабар кірістер деңгейін ұстау көзделеді.

5.4. Банктің жалғыз акционерін қолдау

Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Индустриялық-инновациялық даму саласындағы мамандандырылған кеңес бекіткен «Қазақстанның Даму банкі» АҚ 2007-2011 жылдарға арналған стратегиялық даму бағыттарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 6 қарашадағы № 1039 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі бірінші кезектегі іс-қимылдар жоспарына сәйкес 2007-2011 жылдарға арналған мемлекеттік қолдаудың мынадай көлемдері көзделеді:

(млн. теңге)					
Мемлекеттік қолдаудың сипаты	2007	2008	2009	2010	2011
Банктің жарғылық капиталын ұлғайту	20 403	0	41 275	50 800	38 100
Кредиттік ресурстар беру	24 400	36 450	35 560	38 100	34 290

Қолдау көлемдері тиісті жылға арналған республикалық бюджетті бекіту шеңберінде жыл сайын бекітілетін болады.

5.5. 2008-2010 жылдардағы қор нарығындағы операциялар

Экономикаға кредит берудің болжанатын ұлғаюы жағдайында Банк Банк өзінің қор жинауын сыртқы және ішкі қор нарықтарына борыштық міндеттемелер шығаруды жүзеге асыру жолымен қамтамасыз етуді жоспарлап отыр. Банк өзінің теңгедегі облигацияларын негізгі

институционалдық инвесторлар ретінде қазақстандық жинақтаушы зейнетақы қорларына таргеттейтін болады.

Банк бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы ретінде Алматы қаласы Өңірлік қаржы орталығының сауда алаңында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға да ниет етуде.

5.6. Адами ресурстарды дамытудың 2008-2010 жылдарға арналған жоспары

Банктің бұл бағыттағы іс-қимыл жасау стратегиясы мынадай:

1. жалғыз акционер қойған міндеттерге жауап беретін және Банк миссиясы шеңберінде ауқымды кредит беруге қабілетті Банктің ұйымдық құрылымын құру;

2. персоналдың қойылған мақсаттарға қол жеткізуін ынталандыру үшін мыналарды көздей отырып, еңбекті уәждеу мен ынталандыру жүйесін жетілдіру:

- Басқарушы Директорлар үшін жобаларды мақұлдау көлеміне лимиттер белгілеу;

- құрылымдық бөлімшелердің уақтылы және сапалы қарауын ынталандырудың, жобаларды іске асыру мен әкімшілендірудің, Банктің қоржынын тиімді басқарудың және т.б. көрсеткіштері жиынтығы мен жүйесін нақтылау.

3. Қызметкерлер еңбегінің, оларды әлеуметтік қолдаудың, оқыту мен біліктілігін арттырудың тиісті жағдайларын жасау;

4. Корпоративтік құндылықтар мен ұжымдағы бірыңғай команда рухы жүйесін қалыптастыру;

5. Банкте мемлекеттік тілді енгізу жөніндегі іс-шараларды іске асыру.

2008 – 2010 жылдарда Банктің штат саны Банктің алдына қойылған ұзақ мерзімді мақсаттарға және міндеттерге және ол орындайтын функцияларға сәйкес оңтайландырылатын болады. Сонымен бірге 2008 жылы Банктің штат санын оңтайландыру жоспарлануда.